

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 қараша N 1779

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Z970204\_

Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы  
"Халықтың көші-қоны туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Z970204\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Кіріспедегі "сондай-ақ өзінің тарихи Отанына қайтып оралатын адамдар мен отбасылар үшін жаңа жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасауды" деген сөздер алып тақталсын.

2. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
" 1 - б а п . Н е г і з г і ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

босқындар - нәсілдік, діни науымы, азаматтық, ұлттық белгілері, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси сенімі бойынша қудалау құрбаны болуы мүмкін екендігінің толық негізделген қаупі төнүі себепті өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде тұруға мәжбүр болған және осындай қауіп салдарынан өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе ондай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдіктер; немесе, осындай қауіп салдарынан өзінің бұрынғы қадауліктердің тұрғылықты елінен тыс жерде тұрып жатқан, осындай қауіп салдарынан оған қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін азаматтығы жоқ адамдар;

ішкі көші-қон - жеке адамдардың Қазақстан Республикасының ішінде біржола немесе уақытша орын ауыстыруы;

мәжбүрлі қоныс аударушылар - басқа мемлекет аумағындағы өзінің тұрақты тұратын жерінен қарулы және ұлтаралық жанжалдарда өміріне нақты қауіп төнүі себепті, сондай-ақ дүлей зілзалалар салдарынан мәжбүрлі тұрде кеткен және өзі азаматы болып табылатын елге қайтып оралған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар;

көшіп келу - шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі;

көшіп келушілер - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

ұжымдық көшіп келу - Қазақстан Республикасына ұйымдастып қоныс аудару;

көші-қон - жеке адамдардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде біржолата немесе уақытша орын ауыстыруы;

көшіп-қонушылар - Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған адамдар;

заңсыз көшіп келушілер - шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың келу, болу, транзиттік жүріп өту тәртібін реттейтін заңдарды бұза отырып Қазақстан Республикасына келген және онда болып жатқан, аталған санаттағы адамдар;

оралмандар - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрган және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатымен келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

репатриация - азаматтардың өз отанына ерікті тұрде қайтып оралуы;

репатрианттар - отанына ерікті тұрде қайтып оралған Қазақстан Республикасының азаматтары;

реэмигранттар - Қазақстан Республикасының бұрынғы азаматтары арасынан отанына қайтып оралған шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

отбасымен көшіп келу - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін тұыстар тобының келуі;

еңбек көші-қоны - жеке адамдардың еңбек қызметін жүзеге асыру үшін бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша орын ауыстырыу;

уақытша орналастыру орталығы - өздерін оралмандар, босқындар деп тану туралы өтініш берген адамдардың және отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болуына мүмкіндік жасалатын орын;

халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі орталық атқарушы орган - халықтың көші-қоны саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруши және жұмысты үйлестіруші мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

эмigration (көшіп кету) - Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекетке уақытша немесе тұрақты тұру үшін кетуі;

мигранттар (көшіп кетушілер) - басқа мемлекетке тұрақты тұру үшін көшіп кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары".

### 3 . 3 - б а п т а :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ұлты қазақ адамдарды Қазақстан Республикасына көшіріп қоныстандыруға жан-жақты жердемдесу, олардың қоныс тебуін ұйымдастыру, жұмыс орындарын ашу, оралмандарды әлеуметтік қорғауды және оларға әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ету";

тоғызыншы абзац алып тасталсын;

оныншы абзацтағы "жасырын" деген сөз "заңсыз" деген сөзben ауыстырылсын.

### 4 . 4 - б а п т а :

1) бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына қоныс аударған көшіп келушілерге, осы Заңда көзделгендерден басқа жағдайларда, оралмандар, босқындар мәртебесі беріледі.";

### 2 ) екінші бөліктө :

"алты айдан астам мерзімге тұрақты тұруға" деген сөздер алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктері мен өкілдіктерінің қызметкерлері" деген сөздер "Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы дипломатиялық өкілдіктерінің консулдық мекемелерінің және өкілдіктерінің қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) үшінші бөліктегі "мәжбүрлі" деген сөз алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағындағы әрбір көші-қон субъекті өзінің тұрақты тұратын немесе уақытша болып жатқан жері бойынша тіркелуге міндетті. Көші-қон субъектілерін тіркеу жеке адамды куәландыратын құжат бойынша жүзеге асырылады. Жеке адамды куәландыратын құжаттар тізбесін және тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Укіметі белгілейді".

5 .        5 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "және Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, уәкілдемен және оның жергілікті жерлердегі қызметтерінің рұқсатымен және бақылаумен жүзеге асырылады"        деген        сөздер        алған        тасталсын.

6 .        9 - б а п т а :

1) бірінші бөліктегі "әрбір күнтізбелік жылға" деген сөздер "осы Заңға сәйкес женелдіктер мен өтемақылар берілетін адамдар үшін алдағы жылға және (немесе) болашаққа арналған"        деген        сөздермен        аудыстырылсын;

2) екінші бөліктегі "репатрианттар (оралмандар) мен реэмигранттар" деген сөздер "оралмандар"        деген        сөздермен        аудыстырылсын.

7. 10-бапта "Көшіп келуші деп танылған және тұруға ықтиярхат алған

адам" деген сөздер "Тұруға ықтиярхат алған көшіп келушілер" деген сөздермен аудыстырылсын.

8. 11-бапта:

бірінші бөлікте:

"азаматтығы жоқ адамдарға," деген сөздер "азаматтығы жоқ адамдар," деген сөздермен аудыстырылсын, ал 8) тармақшадағы "көшіп келушілер мэртебесі берілмейді" деген сөздер "көшіп келушілер болып табылмайды" деген сөздермен аудыстырылсын;

"жүрген" деген сөз қазақша мәтінде өзгеріссіз қалады.

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асырса;" ;

9. 12-бап алған тасталсын.

10. 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Көші-қон шараларын қаржымен қамтамасыз ету

Көші-қон шараларын қаржымен қамтамасыз ету республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат, сондай-ақ ұйымдардың, соның ішінде шетелдік ұйымдардың ерікті аударымдары, жеке адамдардың қайырмалдығы есебінен құралады.

11. 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Өтініштерді беру, оларды қарау және адамдарды оралмандар деп тану тәртіби

Адамдар өздерін оралмандар деп тану туралы өтінішін тікелей өздері немесе оған уәкілдемен жүзеге асырылады" деген сөздермен тасталып, Қазақстан Республикасының шет елдердегі

дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне береді.

Оралман мэртебесін беру туралы өтінішті тіркелген күннен бастап екі ай ішінде аумақтық көші-қон қызметтері қарап, осы мәселе бойынша шешім қабылдайды.

Оралмандар деп танылған адамдарға белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

Оралманның куәлігі қатаң есепте болатын құжат болып табылады және осы Занда көзделген жеңілдіктерді, өтемақыларды алу үшін негіз болып есептеледі.

Оралман мэртебесі ол Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін тоқтатылады.

Мәжбүрлі қоныс аударушы мэртебесі ол осы Занда көзделген жеңілдіктерді, өтемақыларды және атаулы көмектің басқа да түрлерін алғаннан кейін тоқтатылады.

Адамдарды оралмандар деп танудан бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жоғары тұрған уәкілді органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

12. 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Өздерін оралмандар деп тану туралы өтініш бергендердің құқықтары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктеріне немесе консулдық мекемелеріне өздерін оралмандар деп тану туралы өтініш берген және Қазақстан Республикасының аумағына келген адамдар Қазақстан Республикасының шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін қолданылып жүрген заңдарында көзделген құқықтарды пайдаланады.

Өздерін оралмандар деп тану туралы өтініш берген адамдардың уақытша орналастыру орталықтарында тұру жағдайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктеріне немесе консулдық мекемелеріне өздерін оралмандар деп тану туралы өтініш берген және Қазақстан Республикасының аумағына келген адамдар:

уақытша орналастыру орталығына жолдама алғаннан кейін үш күн ішінде сол жерге жүріп кетуге;

тұрып жатқан жері туралы тиісті аумақтық көші-қон қызметтерін хабардар етуге және заңдарда белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркеуден өтуге;

уақытша орналастыру орталығында тұрудың белгіленген тәртібін сақтауға; денсаулық сақтау органдарының талап етуі бойынша медициналық

тексеруден өтуге, ектіруге, емделуге, сондай-ақ денсаулық сақтау органдарының нұсқауларын орындауға;

өтінішті қарau үшін қажетті мәліметтерді тиісті көші-қон қызметіне хабарлауға міндетті".

13. 16 және 17-баптар алып тасталсын.

14. 18-бапта:

Баптың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Лауазымды адамдардың заңсыз көшіп келушілерді жұмысқа қабылдағаны үшін жауапкершілігі";

бірінші бөлікте "жасырын" деген сөз "заңсыз" деген сөзben ауыстырылсын.

15. 23-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға ішкі істер органдарынан рұқсат алған шетелдіктерге шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат, ал азаматтығы жоқ адамдарға - азаматтығы жоқ адамның қуәлігі беріледі.".

1 6 . 2 4 - б а п т а :

баптың атавы және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:  
"24-бап. Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан

Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту негіздері

Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден:";

бірінші бөліктің 1) тармақшасында:

"жасырын" деген сөз "заңсыз" деген сөзben ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі мәтінде 5) тармақшадағы "тәртіппен" деген сөзден кейін нұқтелі үтір қойылып, "бас тартылуы мүмкін" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда бас тартылуы мүмкін.";

17. 25 және 26-баптар алып тасталсын.

18. 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Оралмандардың туыстары болып табылатын адамдар

Оралмандардың туыстары болып тендей негізде мыналар танылады:

оралманның балалары (соның ішінде асырап алған балалары), жұбайы (зайыбы);

оралманның аға-інілері мен апа сіңлілері (қарындастары), сондай-ақ

шыққан тегі бойынша қандас туыстары және олардың отбасы мүшелері;

оралманның немерелері мен шеберелері;

оралманның кәмелетке толған балалары, немерелері мен шеберелері құрған отбасыларының мүшелері.".

## 19. 28-бап алып тасталсын.

20. 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Оралмандарға берілетін женілдіктер, өтемақылар мен басқа да атаулы көмек түрлері

1. Мемлекет оралмандарға Қазақстан Республикасына көшіп келіп қоныстану үшін жеңілдікті жағдайлар жасайды және:

жұмысқа орналасуға, біліктілігін арттыруға және жаңа кәсіпті менгеруге көмек көрсетуді;

мемлекеттік және орыс тілдерін оқып-үйрену үшін жағдай жасауды;

мұқтаждарға мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерінен орын беруді;

Қазақстан Республикасының заңдарына немесе халықаралық шарттарға сәйкес зейнетақы мен жәрдемақы төлеуді;

азаматтықты қалпына келтіруге, "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өтемақыларға  
құқықты іске асыруды;

Қазақстан Республикасына келуге виза бергені үшін консулдық алымдардан  
б о с а т у д ы ;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес медициналық көмектің тегін кепілдік елемін алушы;

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көзделген мемлекеттік атаулы  
көмекті беруді қамтамасыз етеді.

2. Квота бойынша келген оралмандарға осы баптың 1-тармағында көрсетілген жenілдіктер мен өтемақылардан басқа, мемлекет:

шекара арқылы кеден төлемдері мен салықтарды алмай өткізуді;

турақты тұратын жеріне дейін тегін журіп-туруды және мүлкін апаруды;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қарожат бөлуді және бір жолғы жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етеді.

3. Оралмандарға жеке тұрғын үй құрылышына арнап жер участкелерін нақты

гранттар, олар экономиканың түрлі салаларында өндірістерді инвестициялаған және қурған кезде преференциялар бөлу тәртібін Казақстан Республикасының

Үкіметі белгіледі.".

21. 34-бапта:

1) 1-тармақта:

1.1. тармақшасындағы ", сондай-ақ еңбек көші-қоны жөнінде" деген сөздер алып тасталсын.

1.3. тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1.3. оралмандардың өтініштері бойынша олардың мәртебесін тану туралы немесе одан бас тарту туралы шешімдер қабылдауға;";

1.4. және 1.5. тармақшалары алып тасталсын;

2) 2-тармақта:

2.4. тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4. бекітілген көшіп келу квотасы шегінде оралмандарды көшіруді, қабылдау мен жайластыруды ұйымдастыруға";

2.6. тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2.6. келген оралмандарды тіркеуді, есепке алууды, сондай-ақ оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сараланған жәрдемақылар төлеу мен женілдіктер беруді жүзеге асыруға;".

2.7., 2.8. және 2.9. тармақшалары алып тасталсын.

22. 35-бап алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Шарипова М.Е.